



Көлік құралдары салығы



www.sodbi.kz

СодБи Бизнес-инкубаторы
ойдан бизнеске дейін
Copyright © 2005

Сұрақтар мен жауаптар

1) Көлік құралдары салығын төлейтіндер кімдер?

- Меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар.
- Шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар, олардың құрылымдылық бөлімшелері көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылады.
- Лизингалушы – қаржы лизингі келісім шарты бойынша берілген – алынған салық салу объектілері.

2) Көлік құралдарына салық салу объектісі болып не табылады?

Уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуге жататын және (немесе) есепте тұрған көлік құралдары, тіркемелерді қоспағанда салық салу объектілері болып табылады
Мыналар: жүк көтергіші 40 тонна және одан асатын карьерлік автосамосвалдар;
Мамандандырылған медициналық көлік құралдары салық салу объектілері болып табылмайды.

3) Көлік құралдары қандай салық салу ставкасымен жүргізіледі?

Салықты есептеу айлық есептік көрсеткіштермен белгіленген мынадай ставкалар бойынша жүргізіледі (АЕК). Мысалы; жеңіл автокөліктерге 4-тен 117 АЕК дейін, ал ауыр автомобильдер мен арнаулы автомобильдер 6-дан 15 АЕК дейін. Сонымен қатар салық төлеудің түзету коэффициенті қолданылады. Салық төлеудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін пайдалану мерзімі алты жылдан асқан жеңіл автокөлік құралдары бойынша түзету коэффициенті 0,1ден1,0 дейін қолданылады.

Көлік құралын сатып алу кезінде Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті органда бұрын есепте тұрмаған көлік құралдарына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығы туындаған кезінде салық сомасы айдың 1ші күнінен есептеледі.

4) Қандай салық төлеу мерзімі орнатылған?

Күнтізбе жыл

5) Салық төлеу тәртібі қандай?

- Бюджетке салық төлеу салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірілмей жүргізіледі. Салық төлеуші заңды тұлғалар салық кезеңі ішінде көлік құралдарына салынатын салық бойынша декларацияны беру мерзімі басталғаннан кейінгі он күн мерзімнен кешіктірмей көлік құралдарына салынатын салық бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүргізеді.
- Көлік құралына жеке құқық, шаруашылық жүргізу құқығы және оралымды басқару құқығын алған жағдайда, 1 шілдеден кейін салықты бюджетке төлеу көлік құралын мемлекеттік тіркеу кезінде немесе одан бұрын төленеді.
- Көлік құралына жеке құқық, шаруашылық жүргізу құқығы немесе оперативтік басқару құқығын алған кезде Қазақстан Республикасының тіркеуінде бар болса, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар, заңды тұлғалар салықты көрсетілген көлік құралына салық мерзімінің 1 шілдесінен кейін декларацияны көрсеткеннен кейін 10 күннен кешіктірмей төлеуі керек.

6) Салық декларациясы қашан беріледі?

Салық төлеуші заңды тұлғалар (ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды қоспағанда) көлік құралдары салығы бойынша декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей салық органдарына табыс етеді.



Әдебиеттер

Осы құжатты дайындау барысында келесі әдебиеттер пайдаланылды:

1. ҚР Салық Кодексі 01.01.2005ж. жағдайына қарай. Бөлім № 13

СодБи Бизнес-инкубаторы көрсетілген ақпараттарға қатысты, сонымен қатар, айтылған ақпарат сапасы мен қандай да бір нақты мақсатқа пайдалану үшін пайдалылығының кепілдігін қоса алғанда, ешқандай да кепілдік немесе шарт ұсынбайды. Материалдар тек қана жеке танысу үшін пайдалануға арналған. Материалдарды қайта басу, тарату, көшіру тек СодБи Бизнес-инкубаторының келісімімен ғана жасалады және ешқандай да коммерциялық мақсат көзделмеуі керек.



СОДБИ Бизнес-Инкубаторының Қызметтері

Біздің біліктілігімізді өз кәсібилігіңіз үшін қолданыңыз!

Қызметтер:

- Бухгалтерлік есеп бойынша практикалық кеңес
 - 1 С қолдана отырып кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу
 - Салық есебін құру және тапсыру
 - Қаржыны жоспарлау
-

Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін біздің тренинг-орталығымызбен байланысыңыз.

Байланыс адресі:

*Кеңесші: Луиза Исматуллаева
«СодБи» Бизнес-инкубаторы
Жандосов көшесі, 73, 160006 Шымкент
Тел. +7 (3252) 570378, 512003
e-mail: l.ismatullayeva@sodbi.kz
Веб-сайт: www.sodbi.kz*



www.sodbi.kz

СодБи Бизнес-инкубаторы
ойдан бизнеске дейін
Copyright © 2005